

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года

### **PROCEEDINGS**

International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

они берут или трогают вещи так, как хотят, поэтому люди считают их грубыми. В первую очередь самим родителям не нужно бояться общества. Не надо заикливаться на том, что ваш ребенок РАС, и сидеть дома изолировавшись от общества. Сделав так вы сделаете только хуже, и ребенок останется совсем один. Поэтому родителям детей с РАС нужно чаще ходить в кино, кафе, выходить на прогулки. Не сидеть дома, ездить на общественных транспорте, и быть на разных общественных мероприятиях. Родители могут стать ближе к своим детям и понять что им нравится, а что нет. А обществу остаётся только быть более осведомленными, добрыми и понимающими, а родителям больше терпения. Так мы сможем помочь им социализироваться быстрее, и сделать их жизнь легче и счастливее, комфортнее.

### **Список использованных источников**

1. Франческа Аппе Введение в психологическую теорию аутизма . – М. : Теревинф, 2016.
2. Григоренко Елена Расстройства аутистического спектра. Вводный курс. Учебное пособие для студентов.— М.: Практика, 2018. — 280 с
3. [https://forbes.kz/process/medicine/skolko\\_stoit\\_autizm](https://forbes.kz/process/medicine/skolko_stoit_autizm)
4. <https://matzpen.ru/articles/zabolevaniya-i-rasstroystva/ne-verte-mifam-pro-autizm-osnovnye-zabluzhdeniya-i-ikh-razoblachenie/>
5. [https://life.ru/t/%D0%B7%D0%B4%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%8C%D0%B5/1122032/dierzhitie\\_svoiegho\\_diebila\\_pochiemu\\_liudi\\_aghrie\\_sivno\\_rieaghiruiut\\_na\\_autistov](https://life.ru/t/%D0%B7%D0%B4%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%B2%D1%8C%D0%B5/1122032/dierzhitie_svoiegho_diebila_pochiemu_liudi_aghrie_sivno_rieaghiruiut_na_autistov)

**ӘОЖ 37.013.42**

## **ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЛЫНЫҢ МОТОРИКАСЫН ДАМУ**

**Ботабаева Әдемі Еркебайқызы**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

[Ademi\\_e76@mail.ru](mailto:Ademi_e76@mail.ru)

**Ботабаева Нұрсая Еркебайқызы**

Бостандық аудандық әлеуметтік әл-ауқат бөлімінің мүгедек балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектерге үйге әлеуметтік көмек көрсететін № 2 бөлімшесінің әлеуметтік қызметкері,

Алматы қаласы

**Әбдышева Толқын Алмасханқызы**

Магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында [1] 2020 жылға қарай «дамуында ерекше жағдайды қажет ететін балалармен ересектерге мектеп және кәсіби білім берудің, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың деңгейін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру жүйесін» құруды қарастырады. Осы Мемлекеттік бағдарламада: «Инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептер санын көбейту 70%-ға көбейтілу қажеттілігі айтылады. Демек, ерекше жағдайды қажет ететін балаларға мемлекет тарапынан жақсы қолдау көрсетіліп келеді.

Ерекше жағдайды қажет ететін балалар туралы белгілі педагог В.А. Сухомлинский «баланың ақыл-ойы оның саусақтарының ұшында» деп атап өткен [2]. Расыменде, ұсақ моторика жүйке жүйесімен ойлау, баланың жадымен және қабылдау, оның көруімен және сөйлеуімен тығыз байланысты болып келеді. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың ойын білдіру жолы депте санауға болады. Ал мектеп жасына дейінгі балалардың қолдарының моторикасының даму деңгейі олардың мектепте оқуға дайындығы критерийлерінің бірі болып табылады.

Ұсақ моториканы ерекше жағдайды қажет ететін балалардың дамытудың ең ерте жастан бастап қол қимылдарын үйлестірудің маңыздылығын көптеген педагогтар, психологтар және мектепке дейінгі білім берудің басқа да мамандардың еңбектерінде қаратырылуда. Бұл мәселенің өзектілігі бүгінгі күні де айқын.

Ұсақ моторика — бұл пәндік іс-қимылдарды меңгерумен, нәтижелі қызмет түрлерін дамытумен, баланың хатымен, сөз сөйлеуімен тікелей байланысты қозғалыс саласы бұл туралы М.М. Кольцова, Н.Н. Новикова, Н.А. Бернштейн, В.Н. Бехтерев, М.В. Антропова, Н.А. Рокотова, Е.К. Бережная т.б. еңбектерінде қарастырған.

Л.С. Выготский психиканың даму деңгейін екіге бөліп көрсетеді: шынайы биологиялық сипаттағы даму деңгейі және әлеуметтік сипаттағы даму деңгейі. Бұл деңгейлер сөйлеудің дамуымен, баланаң белгілік символдық әрекеттерімен байланысты екендігін қорытындылайды [3].

Жоғарғы психикалық функциялар сапалы түрде адамдарың өмір сүру жағдайындағы қарым-қатынас кезінде, түрлі әрекеттерді игеру барысында, сөйлеуді игеруде қалыптасады. Адамның жоғары психикалық функцияларын анықтаушы белгілерінің қатарына баланың ойын барысында, продуктивті әрекет кезінде қолданатын белгілік құралдарды, әріптерді, сандарды жатқызамыз. Тіл де белгілердің жүйесін құрайды. Белгілер мен символдар заттар мен құбылыстардың шынайы қатынастарын бейнелеуші адам әрекеті барысындағы модельдеуде (сызба, формулалар, чертеждер) өзара бірігеді.

Жоғары психикалық функцияларына ерікті зейінді, есте сақтауды, логикалық есте сақтауды, сөздік – логикалық ойлауды, қабылдау арқылы талдауды, мағыналы сөйлеуді, шығармашылық ойлауды, жазбаша сөйлеуді жатқызуға болады. Сонымен, адамның жоғарғы психикалық функциялары туа пайда болмайды. Олар адамның әлеуметтенуінің маңызды өнімі болып

табылса, екінші жағынан адамның социумға енуін қамтамасыз етіп, қоғамдағы толыққанды өмір сүруін қамтамасыз етуші құрал.

Жоғары психикалық функциялардың қалыптасу концепциясы теориясынан шығатын қорытынды адамның дамуы биологиялық және әлеуметтік факторлардың бірігуі арқылы анықталады. Соның ішінде әлеуметтік фактор маңызды. Баланың қалыпты дамуы үшін оның организмі биологиялық жағынан орталық жүйке жүйесінің дамуы қалыпты болуы керек. Дегенмен, дені сау бала, әлеуметтік депривация жағдайында қалатын болса, бала дамуы кешеуілдейді. Психикалық толық дамуы үшін адам басқа адамдармен қарым – қатынасқа, әрекетке түсуін қамтамасыз ететін педагогикалық – әлеуметтік жағдайлардың орны ерекше.

Графомоторлық дағды - жазбаша дыбыстар мен олардың қосылыстарын бейнелеуге мүмкіндік беретін жазу қолының белгілі бір әдеттегі ережелері мен қозғалысы. Графикалық-моторлы дағдыларды физиологиялық және психологиялық қалыптастыру процесі жағынан күрделі.

- көру-кеңістіктік;
- сомато-кеңістіктік көріністер(кеңістіктегі өз денесінің сезімдері);
- «сол» және «оң» кеңістіктіктегі көріністері.

Графо-моторлы дағдылар өте күрделі және әртүрлі тәсілдерден тұрады: жазу үшін қажетті тәсілдер және жазу тәсілдерінің өздері. Жазу процесі жазуға арналған құрал (қалам, қарындаш, бор) арқылы жүзеге асырылады, ол адам тиісінше қолмен қозғалады, көру бақылауымен және жазу қолының қозғалыс бақылауымен қажетті қозғалысты жүзеге асырады. Адамның қандай аспапты пайдалануына байланысты ол тиісті қозғалыстар мен тәсілдерді жүзеге асырады.

Графикалық дағдыларды қалыптастыру келесі кезеңдерден тұрады:

I кезең-аналитикалық-іс-әрекеттің жекелеген элементтерін бөлу және меңгеру, мазмұнын анықтау. Баланың даму деңгейі ғана емес, белгілі бір білім мен іскерліктің болуы да, сонымен қатар түсіндіру тәсілі, орындалған іс-әрекетті түсіну дәрежесі де үлкен маңызға ие.

II кезең –жекелеген элементтерді тұтас әрекетке қосу. Бұл кезеңде қозғалу және көру бақылауын қалыптастыруға үлкен рөл беріледі. Бұл ретте жетекші бақылау болып табылады. Мысалы, бала ою-өрнекті салу кезінде қолын қалай жүргізетіндігін, оюдың бірінен соң бір сызбалардың кезектесіп қайталанатындығын жатқызуға болады.

III кезең – автоматтандыру - меңгерудің жоғары дәрежесімен сипатталады. Автоматтандыруға тән белгілер - жылдамдық, бірқалыпты, орындау жеңілдігі.

Жаттығуларсыз және қайталаусыз дағдыны қалыптастыруға болмайды, бірақ жаттығу дағдыны қалыптастырудың үшінші кезеңінде ғана мақсатқа сай және тиімді жүзеге асады.

Графомоторлық дағдылар қамтиды:

1. Саусақтардың ұсақ бұлшықет саусақтарының күші мен олардың қозғалысының жылдамдығын дамытуға арналған жаттығулар.

2. Сурет салу контуры бойынша штрих беру сабақтары, жиектеу; геометриялық фигураларды салу; бөлшектерді, заттарды суреттеуге арналған тапсырмалар; аяқталмаған суреттерді аяқтау; жетіспейтін бөлшектері бар суреттерді (аяқталған суреттер беріледі, бірақ жетіспейтін бөлшектері бар); сюжет және бөлшектер шынайы болған жағдайда өз суретін жасау, аяқтауға арналған жаттығулар; т.б.

3. Графикалық символика ою-өрнек салу, сондай-ақ заттардың символизациясына (оларды символдардың көмегімен бейнелеуі) дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар[3].

Қорытындылай келе, ерекше жағдайды қажет ететін балалардың қолының моторикасын дамыту жүйке жүйесімен, ойлауымен, баланың жадымен және қабылдауымен, оның көруімен және сөйлеуімен тығыз байланысты болады. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың қолының моторикасын түрлі жаттығулар арқылы дамыту өте маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан , 2010.

2 Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. — М.: Молодая гвардия, 1971.

3 Выготский Л.С. Коллектив как фактор развития аномального ребенка: соб. соч. – М.: Педагогика, 1983. Т. 5. с. 196-218.

4 Қ. Өмірбеков, Қ. Серкебаев. Логопедия. - Алматы, РБК. 1996.

**ӘОЖ 159.972**

## **ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҢАЛТУ ЖҰМЫСТАРЫ**

**Ботабаева Әдемі Еркебайқызы**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

[Ademi\\_e76@mail.ru](mailto:Ademi_e76@mail.ru)

**Ақынова Гүлшат Оразғалиқызы**

Тараз инновациялық – гуманитарлық университеті, Тараз қ.

**Аманкельдинова Назерке Мусаевна,**

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенті,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында [1]: «Инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептер санын көбейту 70%-ға көбейтілу қажеттілігі айтылады. Демек, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мемлекет тарапынан жақсы қолдау көрсетіліп келеді.